

## **Әдістемелік кеңес ХАТТАМАСЫ №3**

**Откізілген уақыты:** 20 желтоқсан 2024 жыл

**Катысқандар:** барлық педагогтер

**Тақырыбы:** "Адамгершілік-патриоттық құндылықтар негізінде білім беру кеңестігін құру"

### **Күн тәртібі:**

1. Алдыңғы әдістемелік кеңестің № 2 шешімінің орындалуын талдау.
2. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру бойынша жұмысты талдау – әдіскердің анықтамасы.
3. "Қазақ халқының мәдени мұрасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру" баяндамасы – тәрбиешілердің кеңесі.

### **Тыңдалды:**

1. Әдіскер Хуат С. алдыңғы кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысын саралап өтті. №2 шешімде тәрбие жұмыстарының мазмұнын ұлттық тәрбиеге негіздеу тапсырылған болатын. Бұл бағытта педагогтер оқу қызметіне ұлттық ойындарды, мақал-мәтелдер мен дәстүрлерді енгізу арқылы адамгершілікке тәрбиелеу жұмыстарын жүргізіп жатқандығы анықталды.
2. ӘдіскерХуат С. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижесіне тоқталды. Бағдарламада құндылықтық бағыттың негізінде тәрбие жұмыстары жүйеленіп, жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген. Әсіресе "Азаматтылық және патриотизм", "Қоғамға қызмет ету" бағыттары бойынша тақырыптық іс-шаралар өткізілгені айттылды. Алайда кейбір тәрбиешілер құндылықтарға бағытталған жұмыс барысында жүйелілік пен сабактастықты толық сақтай алмай отырғаны атап өтілді.
3. Тәрбиешілер Тауей. Р. мен Тасбулатова А.М. қазақ халқының мәдени мұрасына – салт-дәстүр, әдет-ғұрыш, мақал-мәтел, ертегі, жыр-терме сияқты құндылықтарға тоқталып, олардың мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесінде алатын орны жайлы баяндады.

### **Шешім:**

Ұлттық тәрбиенің элементтерін оқу қызметіне түрақты түрде енгізуді жалғастыру; Бағдарлама бойынша әр топтың жылдық жоспарларына талдау жасап, түзету енгізу;

Қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттайтын көрмелер, шеберлік сағаттары, шығармашылық апталықтар ұйымдастырылсын;  
Ата-аналарды осы жұмысқа белсенді тарту жолдары қарастырылсын.

Әдістемелік кенес төрайымы

Әдістемелік кенес хатшысы



Демеуова Ж.

Хуат С.

**Баяндама:** «Қазақ халқының мәдени мұрасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру»

## **Кіріспе**

Қоғамның ең маңызды байлығы — оның адам капиталы, ал сол капиталдың негізі — тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттері. Бұл қасиеттердің бастауын бала кезден қалыптастыру — тәрбие жұмысының ең басты міндеті. Қазақ халқының ұлттық мәдени мұрасы — халық даналығының, дүниетанымының, тәлім-тәрбиесінің айнасы. Оны тәрбие құралы ретінде пайдалану — өскелен ұрпаққа сапалы рухани тәрбие берудің жолы.

## **Негізгі бөлім**

### **1. Қазақ халқының мәдени мұрасы — тәрбие бастауы**

Қазақтың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, шешендік сезідері, мақал-мәтелдері — барлығы балаларға ұлттық рух пен адамгершілікті бойға сінірге бағытталған.

Ертегілер арқылы бала жақсылық пен жамандықты айырып үйренеді;

Мақал-мәтелдер ақыл мен тәрбиеге бастайды;

Салт-дәстүрлер ұлkenге құрмет, кішіге ізет сынды моральдық ұстанымдарды менгертеді.

### **2. Мектепке дейінгі тәрбиеде мәдени мұраны қолданудың жолдары**

Балабақшада адамгершілік тәрбие беруде мәдени мұраны келесі бағыттарда қолдануға болады:

Көркем әдебиет пен театрландырылған ойындар — халық ертегілерін сахналаштыру арқылы балалардың эмоциялық интеллектін, достық, әділеттілік сезімін тәрбиелеу;

Ұлттық ойындар — тәртіпке баулу, адалдық пен шынайылыққа үйрету;

Музыка мен би — домбыра үнімен танысу, ұлттық би қимылдары арқылы ұлттық рухты сезіну;

Салт-дәстүрлерді таныту — мысалы, «Тұсаукесер», «Сұндет той», «Наурыз», «Бесікке салу» сияқты рәсімдер арқылы отбасы, ата-ана, туыстық байланыс туралы түсінік беру.

### **3. Рухани-адамгершілік тәрбиенің басты құндылықтары**

Балабақшада тәмендегідей адамгершілік-рухани құндылықтарды мәдени мұра негізінде дарыту маңызды:

Қайырымдылық, мейірімділік — жомарт кейіпкерлер мен ертегілер арқылы;

Ұлkenге құрмет, кішіге ізет — дәстүрлі отбасы құрылымын мысалға ала отырып;

Отанға деген сүйіспеншілік — туған жер, ата-баба туралы әңгімелер, жырдастандар арқылы;

Шыншылдық, адалдық — батырлар жырлары мен халық аңыздары арқылы берілсе, бала бойына сіңімді болады.